

КӨРНЕКІ АҚПАРАТТАРДЫ БЕЗЕНДІРУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Мемлекеттік, мемлекеттік емес мекемелер, барлық меншік нысандарындағы ұйымдар сыртқы жарнаманы безендіру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алу керек.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына сәйкес бланкілер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнамалар, прејскуранттар, баға көрсеткіштері, басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, ал қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жазылады.

Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде - сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде он жағында немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады.

«Жарнама туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының «Жарнамаға қойылатын жалпы талаптар» - Мерзімді баспа басылымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы жарнама мемлекеттік және орыс тілдерінде, сондай-ақ жарнама берушінің қала бойынша басқа да тілдерде таратылады.

Жарнама мазмұнының бір тілден екінші тілге аудармасы оның негізгі мағынасын бұрмаламауға тиіс.



«Әкімшілік құқық бұзушылығы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 75-бабына сәйкес деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру жөніндегі талаптар бұзылған жағдайда ескерту жасалады.

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап **жасалған** іс-әрекеттің орындалуына жауапты лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлер мен шағын кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – **он**, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – **жиырма**, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға **елу айлық есептік көрсеткіш** мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

